

жаным ашып, оған қосымша тапсырма беріп, қайтсе де сабақ оқуына ықпал жасағым келіп тұрады. Бұл жанашырлықтың түбінде өз ұлтыңнан шыққан қарақозге деген қамқорлық сезімі мен бауырмашылдық жатады. Ал ағылшындық әріптестер мен сияқты жағдайларды тіптен естеріне алмайды да, олар үшін бастысы студенттің жасаған еңбегі, студенттің қалауы, оның ұстанымдары, саяси көзқарастары, ұлттық мүддеге қызмет жасауы және басқа жағдайлар олар үшін маңызды емес.

Resume

In this article the author relates about his training in Law School of University of Birmingham. The author describes some particularity of methods of teaching some professors and makes his own desigions.

Özet

Bu makalede yazar Birmingham Üniversitesi Hukuk Fakültesinin eğitim sistemine büyük bir araştırma yaparak, Birmingham Üniversitesindeki sistemin faydalarından bahsetmiş. Ayrıca, Birmingham Üniversitesindeki sistemle Kazakistan Üniversite sistemini karşılaştırarak inceleme yapmış.

Резюме

В данной статье автор рассказывает о своей стажировке, которую проходил в юридической школе Бирмингемского университета. Автор описывает некоторые особенности методики преподавания отдельных преподавателей и делает собственные выводы.

УДК 338:24

Ә.Б. Бәкірова,

магистрант,

Сүлеймен Демирел атындағы университет

Алматы/Қазақстан

Жоғары оқу орнындағы профессор-оқытушылардың жұмыс белсенділігін арттыру

Андатпа: Мақалада ЖОО-ғы профессор-оқытушылардың білім беру үдерісіндегі жұмыс белсенділігін арттыру қарастырылған. Белсенділіктің түрлері және профессор-оқытушылардың жұмыс белсенділігін арттыруда С.Демирел университетін мысалға ала отырып, негізгі категориялар талданады. Сонымен қатар, мақалада профессор-оқытушылардың кәсіптік шеберлігін арттырудың негізгі мақсаты қарастырылған.

Кілт сөздер: оқу белсенділігі, қоғамдық-саяси белсенділік, таңым белсенділік.

Кәсіби оқытушы- әлеуметтік тұрғыдан жетілген, әдіс-тәсілдерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге ұмтылған маман. Оқытушы өз мамандығын жақсы меңгеруі үшін өзінің білім сапасын, біліктілігін арттырады және психологиялық тұрғыдан өзін-өзі дайындайды. Оқытушының іс-әрекеті көбінесе оның кәсіби шеберлігіне байланысты; жалпы адамдармен, өзге оқытушы- лармен, студенттермен қарым-қатынасы, оның табиғи ерек- шелігі, мәдени, рухани, адамгершілік дәрежесі- барлығы оның әлеуметтік, рухани тұрғыдан оның кім екенін көрсетеді. Педагогикалық іс-әрекеттің дамуының жоғары деңгейі –оқытушы өзін-өзі дамытуды қалыптастыруға мақсат қояды және студенттердің білімін, қабілетін дамытады.

Кәсіби оқытушы іскерлігінің негізгі бағыты- болашақ мамандардың кәсіби білімін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан жетілдіру болып табылады. Кәсіби білім педагогы - педагогикалық іскерлікке даярлықтан басқа, кәсіби оқыту мекемесінде кадрларды дайындауға арналған маман болып табылады.

Еуропада, Ұлыбританияда, АҚШ-та кеңінен таралған education термині білім беру процесіне қатысушылардың өзара әрекеттесуінің барлық аспектілерін қамтып, мазмұны бойынша кең ұғым болып табылады. Оқыту мен тәрбие берудің өзара байланысы бұл процесте ажыратылмайды. «Тәрбие беру де, білім беру де ажыратылмайды, - деп Л.Н. Толстой ерекше атап өткен. ХУІІІ ғ. аяғында И.И. Бец: «Білім бермей тәрбие беруге болмайды, ал кез-келген білімнің тәрбиелеуші әсері бар»- деп, ерекше атап өткен. Соған сәйкес, білім беру шын мәнінде сырттан басқарылатын өзін-өзі оқыту болып табылады. Білім беру нәтижесі екі тұрғыдан қарастырылады. Біріншісі - нақты білім беру жүйесі арқылы алынатын және білім беру стандарты формасында тіркелетін нәтиженің бейнесі. Қазіргі замандағы білім беру стандарттары оқытудың белгілі бір курсының өту үстіндегі адамның тұлғалық сапасына, оның білімі мен икемділігіне қойылатын талаптарды қамтиды. Екінші тұрғыдан білім – белгілі бір білім беру жүйесінде оқытудан өткен адамның өзі. Интеллектуалды, тұлғалық, мінез-құлықтық қасиеттерінің қалыптасқан жиын- тығы ретіндегі оның тәжірибесі оған кез-келген жағдайда адекватты әрекет жасауға мүмкіндік береді. Кез-келген жоғары оқу орнының түлегі осы негізде арнайы кәсіптік білімімен сипатталады.

Кәсіби оқытушы- белгілі бір сала бойынша мамандық иесі, өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған, қандай да бір негізі бар ой-тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адам.

Оқытушының белсенділігін арттыруда оның объективтік және субъективтік қасиеттерін зерттеген П.Ф. Каптерев [7] педагогтың жалпы қасиеттерін екі топқа бөлді:

1. Арнайы	Объективтік (мұғалімнің ғылыми дайындығы)
	Субъективтік (табиғи талант)
2. Тұлғалық	(адамгершілік - еріктік қасиеттер)

Зерттеуші Н.В. Кузьминаның [8] пікірі бойынша, объективтік және субъективтік қасиеттерге мыналар жатады:

Объективтік сипаттамалар	Кәсіби, психологиялық, педагогикалық білімдер
	Кәсіби іскерліктер
Субъективтік сипаттамалар	Кәсіби психологиялық позициялар, ұстанымдар
	Тұлғалық ерекшеліктер

А.К. Маркова [9] бойынша, педагогтың объективтік және субъективтік қасиеттері былай топталады:

Оқытушы еңбегінің жақтары	Еңбектің әрбір жағы үшін психологиялық модуль		
	Оқытушы еңбегі үшін объективтік қажеттіліктер		Оқытушы еңбегінің психологиялық сипаттамасы

		Кәсіби білімдер	Кәсіби- педагогикалық іскерлік-тер	Кәсіби ұстаным- дар	Кәсіби- психо- логиялық ерекшеліктер (сапалар)
Еңбек проце- сі	Оқытушының педаго- гикалық іс- әрекеті				
	Оқытушының педа- гогикалық іскерлік- тері				
	Оқытушы тұлғасы				
Еңбек нәти- жесі	Студенттерді ң білімділігі				
	Студенттерді ң тәрбиелі- лігі				

Кәсіби оқытушы- педагогтың міндеті – студентті өз беті- мен білім алуға бағыттау, тұлғалық қасиеттерін дамытуына жағдай жасап, көмек көрсету.

Ғалымдардың (И.В. Сеченов, В.М. Бехтерев, И.П. Павлов, Л.С. Выгодский, С.Л. Рубинштейн, А. Леонтьев) зерттеуі бойынша белсенділіктің жеті түрі бар: 1. Белсенділіктің ортақ жаратылыстану-ғылыми ұғымы. 2.Қоғамдық (өмірлік) белсенділік 3. Белсенділік- өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі басқару және психологиялық өзін дайындау баламасы ретінде. 4. Белсенділік гносеология мағынасында 5. Субъекттің белсенділігі этикалық және эстетикалық мағынада 6. Белсенділік онтологиялық мағынада 7.Белсенділік "эпитет" сияқты, жігерсіздікті – қайраттылықпен; күйгелектікті, айқай-шуды – сабырлылықпен; сенімсіздікті сенімділікпен; көр соқыр арынмен жасалатын нәрселерді- тыңғылықтылықпен және т.б.

Психологияда *белсенділік* деп адамның іс-әрекетін айтады. Тіршілік және іс-әрекеттері барысында адамның қарым- қатынас жасау белсенділігі, таным және өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі, қоғамдық-саяси белсенділігі, оқу белсенділігі дамиды.

Қарым-қатынас жасау белсенділігі жеке адам қасиеттерінің (маркабаттылық, қайырымдылық, қамқорлық, өзі үшін және басқа адамдар алдында өзінің қылықтары жайлы жауапкершілік сезімі т.б.) қалыптасуына мүмкіндік тугызады.

Таным белсенділігі барысында адам түрлі заттардың, құбылыстардың мәніне, ғылыми ұғымдар мен заңдылықтарын терең түсінуге, алған теориялық білімдерін практикада еркін қолдануға үйренеді. Оқытушылардың таным белсенділігі олардың шығармашылық іздену қабілетіне, теориялық сауаттылығы мен кәсіби шеберлігіне байланысты.

Өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі адамдармен қарым-қатынаста өзін ұстау, ілім үйренуде сабырлылық, оқу- тәрбие жұмысында байсалдылық; әр оқытушы өзін-өзі тәрбиелеу - оның басты міндеті.

Адамның *қоғамдық-саяси белсенділігі* күрделі моральдық-еріктік сана ретінде қаралады. Онда қоғамдық жұмысқа деген ынтасы, *тансырманы* орындаудағы жауап- кершілігі, орындау- шылығы мен инициативтілігі, өзіне және жолдастарына талап қойғыштығы, *қоғамдық болуы* - осылардың барлығы бірінен-бірі ажырамастай ұштасып жатады.

Оқу белсенділігін қалыптастырудың бір көзі- жапа техноло- гияларды қолдану. Көптеген

инновациялар арасында оқу бел- сенділігін қалыптастыруға аса қолайлы технология- *сын тұр- гысынан ойлау*. Сын тұрғысынан ойлау – ашық қоғам негізі. Ол- өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, әр түрлі мәселелерге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлел- дей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарас тыру және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу.

С.Демирель атындағы университеттегі профессор-оқыту- шылардың жұмыс белсенділігін арттыруда сауалнама (анкета) түрінде зерттеу жүргізілді. Бұл сауалнама 30 сұрақтан тұрады. Осы жауаптарды басшылыққа ала отырып, Маслоу [1] теория- сын қолданып, келесі қорытынды алынды:

Кесте-1. Белсенділікті зерттеу

%	Түрі
32,68%	Таным белсенділігі бойынша
30,23%	Қарым-қатынас жасау белсенділігі бойынша
34,12%	Оқу белсенділігі бойынша

Кесте-2. Ер және әйел адамдардың қоғамдық-саяси жұмыс белсенділігінің айырмашылығы

Ерлер	Әйелдер	
96,74	61,33	Сауалнама бойынша
65	35	Еркіндік деңгейі
0,001	0,920	Елеулік деңгейі (маңыздылығы)

Бұл кестеге қарап, ер кісілердің қоғамдық-саяси жұмыстарға белсенді екенін, ал әйел кісілердің белсенділігінің төмен екенін көреміз. Ер кісілер өздеріне тапсырылған қоғамдық-саяси жұмыстарға қатты мән береді, ал әйел кісілер үшін ол өте маңызды емес.

Кесте-3. Педагогикалық еңбек өтіліміне қарай белсенді- лікті анықтау

Педагогикалық тәжі- рибесі бар оқыту -шылар бойынша белсенділік деңгейі	Педагогикалық тәжірибесі жоқ оқытушылар бой -ынша белсенділік деңгейі	
11,7	9,8	Сауалнама бойынша
4	5	Қажеттілік деңгейі
0,30	0,073	Елеулік деңгейі (маңыздылығы)

3-кесте қорытындысы бойынша, педагогикалық тәжірибесі мол оқытушылардың белсенділік деңгейі жоғары, қажеттілік деңгейі төмен; ал педагогикалық тәжірибесі аз оқытушылардың белсенділік деңгейі төмен, ал қажеттілік деңгейі жоғары.

С.Демирель атындағы университетте жүргізілген зерттеу бойынша **тұжырым** алынды: Жоғары оқу орнындағы профессор-оқытушылардың білім беру үдерісіндегі жұмыс белсенділігін арттыру мына жағдайларда тиімді болады, егер:

1) профессор-оқытушылардың 26% еңбек ақыны көтеру, 11% құқықтық мәртебесін көтеру, 21% еңбегін бағалау (сыйақы немесе марапаттау)

2) білім беру үдерісінде университет басшылығы база құрылымын жақсартса, оқытушылардың еңбекке ынтасын арттырса, олардың жаңашыл пікірлерінің дамуын жүзеге асырса;

3) профессор-оқытушылардың жұмыс белсенділігін арттыру олардың жеке ерекшеліктері мен бірлескен белсенді іс-қимыл қозғалысы нәтижесінде болады.

Жоғарыда қарастырылған тұжырымға қарап, төмендегі **зерттеу мақсатының** шығатынын көреміз:

1. Оқытушының жұмыс белсенділігін дамыту үшін, басқа жоғары оқу орындарындағы оқытушылардың жұмыс белсенділігімен салыстырмалы мінездемесін жасау, қазіргі кездегі оқытушының жұмыс белсенділігіне әсер ететін негізгі категорияларды анықтау.

2. Оқытушының жұмыс белсенділігін арттыру үшін, олардың дербес ерекшеліктерін және оқу үдерісінің әрекеттестігін ескере отырып, педагогикалық шарттарды айқындау.

3. Оқытушының жұмыс белсенділігін арттыруда түрлі психологиялық әдістерді қолдану.

4. Оқыту үдерісіндегі оқытушының белсенділігін арттыратын даму өлшемдерін анықтау.

Әдебиеттер

1 Маслоу А. Мотивация и личность. – СПб: Евразия, 2001 – 478 с.

2 Maslow, A. H. Motivation and Personality. - New York: Harper & Row, Publishers, 1970.

3 Ги Лефрансуа. Прикладная педагогическая психология. Психология для учителя , 11 изд-е, СПб, «прайм-ЕВРОЗНАК», 2003 – 416 с.

4 Ильин Е.П. Мотивация и мотивы – СПб.: - Питер, 2002. -512с.

5 Сабыров Т. Оқытушының оқу белсенділігін арттыру жол- дары. - Алматы. : Мектеп, 1978

6 Мирсеитова С, Іргебасова Ә. Әрекеттегі СТО философиясы мен әдістері. - Алматы: Издат Маркет, 2004-264б.

7 Б.А.Тұрғанбекова «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе». – Алматы, 2005

8 Каптерев П. Ф. “Педагогическая психология. 1883г.

9 Кузьмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. - М.: Высшая школа, 1990.

10 Марькова А.К. Психологические проблемы повышения квалификации. «Педагогика», 1992, №9-10.

11 К.Құдайбергенова. «Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі»(ғылыми-практикалық конференция материалдары) . - Алматы-2008.

12 Нургалиева Г.К. Психолого-педагогические основы системы ценностного ориентирования личности: Дис.докт. - Алматы, 1993-375с.

Resume

In this article the activities of work in a learning process of professional- teacher staff in higher educational organizations. Are investigated It's considered the types of activities and is analyzed main categories of active works of professional- teacher staff taking on the pattern of Suleyman Demirel University. And also in this article the main goals for increasing professional skills of professional- teacher staff are considered.

Özet

Bu makalede yüksek eğitim kuruluşları, profesyonel öğretmen kadrosu bir öğrenme süreci içinde iş faaliyetleri. İncelendiği zaman faaliyetlerinin türleri olarak kabul edilir ve Süleyman Demirel Üniversitesi deseni olarak profesyonel öğretmen kadrosu aktif eserlerinin ana kategoride incelenmiştir. Ve ayrıca bu makalede profesyonel öğretmen personelinin mesleki becerilerini artırmak için ana hedefleri olarak kabul edilir.